

## **Кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салынатын салық туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 12 ақпан N 1568. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.18. N 2367 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде және кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салынатын салық мәселелерін реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. Осы Жарлық бойынша:

- заңды тұлға мәртебесінің бар-жоғына;
- ұйымдық-құқықтық нысандарына;
- қызмет түрлеріне;

- қатыстылығына және меншік нысандарына қарамастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын барлық субъектілер /жеке тұлғалардың табысына салынатын салық туралы заңда қамтылған субъектілерді қоспағанда/ пайда мен табысқа салынатын салық төлемгерлері /бұдан былай- кәсіпорындар/ болып табылады деп белгіленсін.

2. Кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижесі болып табылатын және шығындар сомасына кемітілген табыс сомасын құрайтын кәсіпорынның баланстық пайдасы салық салу объектісі болып есептелсін.

Кәсіпорынның есепті кезеңде атқарған қызметінен түскен барлық түсім / ақшалай, заттай және кез-келген басқа түрдегі/ табыс болып табылады.

Кәсіпорынның есепті кезеңде жұмсаған барлық шығыны /ақшалай, заттай және кез-келген басқа түрдегі/ шығыс болып табылады.

Салық салу үшін меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар қызметінің қаржы нәтижелерін қалыптастыру жөніндегі негізгі ережені Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Жекелеген салалар бойынша салық салу үшін қаржы нәтижелерін қалыптастыру ерекшеліктерін тиісті басқару органдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісе отырып әзірлейді.

Қаржы нәтижелерін қалыптастыру тәртібін реттейтін ережелерді басқа заң және өзге де актілерге енгізуге тыйым салынады.

Шет ел қатысатын кәсіпорынның Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты түскен пайдасын тікелей анықтау мүмкін болмаған жағдайда салық органдарына пайданы рентабельділіктің 25 процент мөлшеріндегі нормасын ескере отырып, жалпы табыстың немесе шыққан шығыстары негізінде анықтауға рұқсат етілсін.

3. Салық салу үшін баланстық пайда:

кәсіпорындарға тиесілі акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздар /оның ішінде жарғылық қорды ұлғайтуға жұмсалатын/ бойынша есептелген табыс /дивидендтер, проценттер/ сомасына;

Қазақстан Республикасы аумағында құрылған бірлескен кәсіпорындарға үлестік қатысудан алынған табыс сомасына кемітілетін болып белгіленсін.

4. Пайдаға салынатын салық ставкасы 30 процент, ал банк және сақтандыру қызметінен түскен пайдаға салынатын салық ставкасы 45 процент мөлшерінде белгіленсін.

5. Осы Жарлықтың 2-тармағына сәйкес есептелген салық салынатын пайда:

кәсіпорындардың өндірісті дамытуға, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарын жүргізуге, жаңа және алдыңғы қатарлы технологиялар мен өнім түрлерін /оның ішінде еркін айналыстағы валютаға экспортқа шығарылатын машина жасау өнімін/ әзірлеу мен игеруге жұмсалған күрделі қаржыға шыққан шығындардың сомасына;

пайда есебінен жұмсалып, өз қызметкерлеріне тұрғын үй салу және сатып алу үшін арнаулы тұрғын үй несиесі - жинақ шоттарына, соңыра қызметкерлердің несиесіне өтеуіне қарай кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне жатқызылатын, қаржыны аудару жөніндегі шығындар сомасына;

кәсіпорынның балансында тұрған денсаулық сақтау объектілерін, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, балалардың сауықтыру лагерьлерін, мәдениет және спорт объектілерін, халыққа білім беру мекемелерін, тұрғын үй қоры объектілерін ұстауға жұмсалатын шығындар сомасына, сондай-ақ жергілікті өкімет органдары бекіткен нормативтерге сәйкес кәсіпорындардың үлестік қатысуымен осы мақсаттарға жұмсалған шығындар сомасына кемітілетін болып белгіленсін.

6. Былай деп белгіленсін:

- есепті кезеңде өнім /жұмыс, қызмет/ көлемін осының алдындағы жылға қарағанда заттай түрінде немесе салыстырмалы бағамен алғанда арттырған кәсіпорындар, меншік нысандарына қарамастан, нақты өсімнің әрбір проценті үшін пайдаға салынатын салықты алу нормативін бір өлшемге кемітеді. Бұл орайда пайдаға салынатын салық ставкасы әрі кеткенде он өлшемге ғана кемітілуі мүмкін.

- кәсіпорындардың өткен есепті жылдардағы өз залалдарын өтеуге жұмсаған

және олар құрылғаннан кейінгі үш жыл ішінде алған пайдасының бір бөлігі салық салудан босатылады. Аталған жеңілдік резервтік қордың немесе мақсаты жөнінен соған ұқсас қорлардың қаражаты жетіспеген жағдайда пайдаланып, материалдық өндіріс салаларының кәсіпорындарында қолданылады.

- балансында қымбат металдардан тұратын кен орындары бар кәсіпорындарда құрылған, соларды өндірумен айналысатын және аталған өнім үшін кен өндіру кәсіпорындарымен өзіндік құн бойынша шығындардың өтелуін ескеретін мемлекеттік нормалар мен бағаларға сәйкес белгіленетін келісімді бағалармен есеп айырысатын кен шаю артельдері пайдаға салынатын салықтан босатылады.

Кен шаю жұмыстарымен байланысы жоқ кен шаюшылар артельдерінің қызметінен алатын пайдаға осы Жарлыққа сәйкес салық салынады.

7. Пайдаға салынатын салықты есептеудің мынадай тәртібі және төлеу мерзімі белгіленсін:

- салық сомасын осы Жарлыққа сәйкес салық ставкалары бойынша салық салынатын пайданың көлеміне қарай кәсіпорындардың өздері белгілейді.

Кәсіпорындар белгіленген мерзімде өздері орналасқан жердегі салық органдарына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы бекіткен нысандар бойынша пайдаға салынатын салық сомасының бухгалтерлік есептерін, декларацияларын, сондай-ақ есеп-қисаптарын тапсырады

Қызметі күнтізбелік жыл біткенге дейін тоқтатылған жағдайда аталған құжаттар тоқтатылған күннен кейін бір ай ішінде тапсырылуға тиіс. Кіріс пен шығыстың барлық түрлері есепті кезеңнің соңғы күніне республика валюта биржасындағы саудада қалыптасқан нарықтық бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасына шағылған алу және төлем валютасымен есептеледі.

- шет ел қатысатын кәсіпорындардан басқа кәсіпорындар тоқсан ішінде, әр айдың 10-нан және 23-інен кешіктірмей салық салынатын кезеңдегі /есептегі тоқсандағы/ пайданың болжамды сомасы мен салық ставкасын ескере отырып, салық сомасының 1/6 бөлігі мөлшерінде бюджетке аванстық салық жарналарын төлеп тұрады.

Тоқсан үшін нақты есептелген салық сомасы аванстық төлемдер сомасынан асып кеткен жағдайда пайдаға салынатын салықты уақтылы төлемегені үшін заңдарда салық салу туралы белгіленген мөлшердегі өсім есептеледі.

Жаңадан құрылған кәсіпорындар алғашқы толық есепті тоқсан ішінде пайдаға салынатын салық бойынша бюджетке аванстық төлемдер жасамайды.

Пайдаға салынатын салық сомасының мөлшері аз кәсіпорынның өтініші бойынша төлемгер орналасқан жердегі салық органы бюджетке салық төлеудің белгілі бір мерзімін - есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-ын белгілей алады, бұл

күні ол аванстық төлемдер жасамай-ақ салықтың тоқсандық сомасының мөлшерін бірден төлейді.

Бірінші тоқсан, жарты жылдық, 9 ай және жыл аяқталған соң кәсіпорындар өздерінің салық салынуға тиіс нақты түскен пайдасына және белгіленген ставкаға қарай салық сомасын жыл басынан бастап үдемелі қорытындымен есептейді;

- салық тоқсандық есеп-қисаптар бойынша - бухгалтерлік есеп беру үшін белгіленген күннен кейін 5 күн ішінде, ал жылдық есеп-қисаптар бойынша - бухгалтерлік есеп беру үшін белгіленген күннен кейін 10 күн ішінде төленеді;

- шет ел қатысатын кәсіпорындар жыл бойында әр тоқсанның соңғы айының 15-інен кешіктірмей осының алдындағы жылы есептелген, пайдаға салынатын салықтың жылдық сомасының 1/4 мөлшерінде бюджетке пайдаға салынатын салықтың тоқсандық аванстық жарналарын төлейді. Пайдаға салынатын салық бойынша нақты есеп айырысу жыл бойындағы қызметтің нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Есептелген салық сомасына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы бекіткен нысан бойынша төлем хабарламасы беріледі. Салық төлем хабарламасында көрсетілген мерзімде төленеді;

- пайдаға салынатын салықты бюджетке аударуға берілген төлем тапсырмаларын төлемгерлер банк мекемелеріне төлем мерзімі келгенге дейін тапсырады;

- шет ел қатысатын кәсіпорындар пайдаға салынатын салықты Қазақстан Республикасының валютасымен немесе нақты есеп айырысу мерзіміне Қазақстан Республикасының валюта биржасындағы саудада қалыптасқан нарықтық бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасына шағылған шетел валютасымен төлейді;

- артық төленген салық сомалары кезекті төлемдер есебіне жазылады немесе кәсіпорынның жазбаша өтініші түскен күннен кейінгі 5 күн ішінде оған қайтарылады;

- Ішкі істер министрлігінің, Байланыс министрлігінің және Көлік министрлігінің /тек қана азаматтық авиация мен темір жол көлігі басқармалары/ негізгі қызметіне қатысты кәсіпорындар бойынша бюджетпен есеп айырысу Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

8. Кәсіпорындар пайдаға салынатын салықтан басқа табыстың мынадай түрлерінен салық төлейтін болып белгіленсін:

- салықтың 15 процент мөлшеріндегі ставкасы бойынша:  
кәсіпорындарға тиесілі акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздар /оның ішінде жарғылық қорды ұлғайтуға жұмсалатын/ бойынша

есептелген табыстан /дивидендтерден, проценттерден/;

Қазақстан Республикасының аумағында құрылған бірлескен кәсіпорындарға үлестік қатысудан алынған табыстан. Бірлескен кәсіпорынның шетелдік қатысушысы аталған табысты шет елге аударған кезде олардан салық төлейді;

- салықтың 55 процент мөлшеріндегі ставкасы бойынша:

казинолардан, бейнесалондардан, бейнекөрсетулерден, бейне және тыңдау таспалары мен олардағы жазбаларды жалға беруден, ақшалай ұтыстары бар ойын автоматтарынан түскен табыстан;

концерттік ойын-сауық шараларын өткізуден алынған табыстан;

- кәсіпорынға тиесілі акциялардан, облигациялар мен өзге де бағалы қағаздардан есептелген, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға үлестік қатысудан алынған табысқа салынатын салық табыс көзінен алынады. Салықты ұстау және оны бюджетке аудару жөніндегі жауапкершілік табысты төлейтін кәсіпорынға жүктеледі.

9. Осы Жарлықта аталған пайда мен табысқа салынатын салықтарды бюджетке есептеу "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының бюджет заңдарына сәйкес жүргізілетін болып белгіленсін.

10. Былай деп белгіленсін:

- шетелдік заңды тұлғаларға дивидендтер мен проценттерден түсетін табыс бойынша 15 проценттік ставкамен, ал авторлық құқықтардан, лицензиялардан, жал төлемдерінің түсуінен алынатын табыс пен табылу көзі Қазақстан Республикасында орналасқан басқа да табыстар /көлік жалдаудан алынатын табыстан басқа/ бойынша - 20 проценттік ставкамен салық салынады;

- халықаралық тасымалдарды жүзеге асыруға байланысты шетелдік заңды тұлғаларға төленетін көлік жалдаудан /фрахтылау/ түскен табыс сомаларына 6 проценттік ставкамен салық салынады.

- халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасындағы табыс көздерінен түсетін табысқа салынатын салықтан толық немесе ішінара босатылу құқығы бар шетелдік заңды тұлға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы белгілеген тәртіппен салықты азайту немесе жою туралы өтініш береді, ол табыс түскен күннен кейін бір жыл ішінде ұсынылуға тиіс. Жыл етіп кеткен соң берілген өтініштер қарауға қабылданбайды;

- шетелдік заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасындағы табыс көздерінен түскен табыстан салықты шетелдік заңды тұлғаға табыс төлейтін кәсіпорын әрбір төлем аударған сайын табыстың толық сомасынан аударым валютасымен ұстап қалады. Салықтың ұсталуы және аударылуы үшін жауапкершілік табыс төлейтін кәсіпорынға жүктеледі.

- егер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан табыс көзінен түскен табысты өнім /жұмыс, қызмет/ бергені үшін кәсіпорынға төленетін ақыны азайту есебінен үшінші жақ төлесе, табысты жасырғаны үшін жауапкершілік төмен ақы алған кәсіпорынға жүктеледі.

11. Егер халықаралық шартта осы Жарлықта көрсетілгендерден өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылатын болып белгіленсін.

Салық заңдарында көзделген жағдайлардан басқа кезде, табыс төлейтін кәсіпорынның басқа кәсіпорын үшін салық және басқа да төлемдер төлеу жөнінде өзіне міндеттеме қабылдауына жол беретін салық сілтемелерінің шарттар мен контракттарға енгізілуіне тыйым салынсын.

12. Былай деп белгіленсін:

- кәсіпорынның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден түсірген пайдасының /табысының/ сомасы Қазақстан Республикасында салық салынуға тиіс пайданың /табыстың/ жалпы сомасына қосылады және салық мөлшерін анықтау кезінде ескеріледі;

- Қазақстан Республикасының аумағы мен экономикалық аймағынан тысқары жерлерден түскен, кәсіпорындар басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шет елдерде төленген пайдаға /табысқа/ салынатын салық сомасы олар Қазақстан Республикасында пайдаға /табысқа/ салынатын салықты төлеу кезінде ескеріледі. Бұл ретте ескерілетін сомалардың мөлшері Қазақстан Республикасында төленуге тиіс пайдаға /табысқа/ салынатын салық сомасынан аспауы керек.

Бұл ереже Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің арасында тиісті екі жақты халықаралық келісімдер болған жағдайда қолданылады.

13. Осы Жарлықты орындау үшін жауапкершілік, салық органдарының бақылау жасау және салық органдарының лауазымды адамдарының әрекеттеріне шағымдану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттелетін болып белгіленсін.

14. Осы Жарлықтың Заңмен бірдей күші бар және ол жаңадан

сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1-сессиясында "Кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салынатын салық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанға дейін қолданылады.

15. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне "Кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салынатын салық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын енгізетін болсын.

16. Осы Жарлық 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне

енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы. 1994 ж. 12 ақпан  
N 1568

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ